



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
2014 жылғы 7 ақпандағы
№ 4 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің мемлекеттік көрсетілетін
қызметтер стандарттарын бекіту
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары (бұдан әрі – тиісінше қаулы және стандарттар) бекітілді, олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Стандарттар «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді. Қаулыны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды. Қаулының нақты мақсаты стандарттарды бекіту болып табылады.

Қаулыны қабылдаудың болжамды тиімділігі – әрбір мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша стандарттарды бекіту жолымен Ұлттық Банктің қандай да болмасын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін алуға байланысты рәсімдерді көрсетілетін қызметті алушыларға жеңілдетуді білдіреді, себебі стандарттар Ұлттық Банктің мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша барлық қажетті ақпаратты қамтиды (әрбір көрсетілетін қызмет бойынша құжаттардың және оларға қойылатын талаптардың бірыңғай тізбесі, қызмет көрсетудің мерзімдері, қызмет көрсетудің нәтижелері, қызмет көрсетуден бас тарту негіздері, Ұлттық Банк қызметкерлерінің әрекеттеріне/әрекетсіздіктеріне шағымдану тәртібі).

Стандарттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында «Ұлттық Банктің мемлекеттік көрсетілетін қызметтері» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары» шағын бөлімінде орналастырылған.